МРНТИ /ҒТАХР /IRSTI 03.61.91
УДК /ӘӨЖ /UDC 94 (574) «1990/2000»:008

https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.88.1.009

Ж.І. Қуанышев[1], Н.Н. Хасенова[2], А.М. Бадиев[3]*

[1]саяси ғылымдарының докторы, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты, Қазақстан Астана, e-mail: kenzhetay54@gmail.com

[2]экономика магистрі, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты, Қазақстан Астана, e-mail: kh.banu1386@gmail.com

[3]гуманитарлық ғылымдар магистрі, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты, Қазақстан Астана, e-mail: a.badiyev@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНІҢ 1990–2000 ЖЫЛДАРДАҒЫ МӘДЕНИ ДАМУЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан өңірлерінің 1990–2000 жылдар аралығындағы мәдени даму көрсеткіштері салыстырмалы түрде талданады. Кеңес дәуірінен «мұра» болып қалаған мәдениет саласындағы дағдарысты еңсеру үшін қоғамның мәдени-рухани дамуына ескірген нормативтік-құқықтық актілер мен ережелердің ықпалынан арылу барысы сипатталады. Мемлекеттің мәдениет саясатын елдегі демократиялық үрдістерге сай өзгерту үдерісіне көңіл бөлінеді. Ұлттық мәдениетті қайта жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік саясаттың батыстық мәдениеттің нашар үлгілеріне еліктеушілік жағдайында жүргізілгендігі ескерілді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі трансформация кезеңінде мәдени инфрақұрылымда орын алған құрылымдық өзгерістерге экономикалық, демографиялық және әлеуметтік факторлардың ықпалы қарастырылады. Статистикалық жинақтар, өңірлік есептер және мәдениет мекемелерінің ресми деректері негізінде кітапханалар, музейлер және театрлар жүйесінің динамикасы аймақтық айырмашылықтармен бірге зерделенді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аталған онжылдықта кітапханалар желісі республика бойынша едәуір қысқарып, әсіресе ауылдық өңірлерде мәдени қызметтердің қолжетімділігі төмендеді. Ал музейлер мен театрлар жүйесінде салыстырмалы түрде тұрақты немесе біршама өсу байқалды, бұл мәдениет саласына бағытталған мемлекеттік қолдаудың кезеңдік түрде жануымен байланысты. Мақала өңірлердің мәдени дамуындағы ортақ және ерекше тенденцияларды айқындап, посткеңестік кезеңнің мәдени саясатының аймақтық ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: мәдени саясат және инфрақұрылым, өңірлік даму, кітапхана, музей, театр, Қазақстан, 1990–2000 жж.

Ж.И. Куанышев[1], Н.Н. Хасенова[2], А.М. Бадиев[3]*

[1]доктор политических наук, Институт истории государства МНВО РК, Казахстан, Астана., e-mail: kenzhetay54@gmail.com

[2]магистр экономики, Институт истории государства МНВО РК, Казахстан, Астана. e-mail: kh.banu1386@gmail.com

[3]магистр гуманитарных наук, Институт истории государства МНВО РК, Казахстан, Астана., e-mail: a.badiyev@mail.ru

КУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА В 1990-2000 ГОДАХ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В статье проводится сравнительный анализ показателей культурного развития регионов Казахстана в период 1990–2000 годов. Для преодоления кризиса в сфере культуры, оставшегося в «наследство» от советского периода, описывается процесс освобождения культурно-духовного развития общества от влияния устаревших нормативно-правовых актов и правил. Особое внимание уделяется процессу изменения государственной культурной политики в соответствии с демократическими тенденциями в стране. Учитывается, что государственная политика, направленная на возрождение национальной культуры, проводилась в условиях подражания худшим образцам западной культуры. Рассматривается влияние экономических, демографических и социальных факторов на структурные изменения, произошедшие в культурной инфраструктуре в годы трансформации после распада Советского Союза. На основе статистических сборников, региональных отчетов и официальных данных учреждений культуры изучена динамика развития сети библиотек, музеев и театров с учетом региональных различий. Результаты исследования показывают, что в течение указанного десятилетия сеть библиотек по республике значительно сократилась, а доступность культурных услуг, особенно в сельских районах, снизилась. В то же время в системе музеев и театров наблюдалась относительная стабильность или небольшой рост, что связано с периодическим усилением государственной поддержки сферы культуры. Статья позволяет выявить общие и специфические тенденции в культурном развитии регионов и лучше понять региональные особенности культурной политики постсоветского периода.

Ключевые слова: культурная политика и инфраструктура, региональное развитие, библиотека, музей, театр, Казахстан, 1990–2000 гг.

*Zh.I. Kuanyshev[1], N.N.Khassenova[*2], A.M.Badiyev[3]*

[1] Doctor of political science, Institute of State History of MNVO RK, Kazakhstan, Astana.
e-mail: kenzhetay54@gmail.com

[2] Master of Economics, Institute of State History of MNVO RK, Kazakhstan, Astana.
e-mail: kh.banu1386@gmail.com

[3] Master of Arts, Institute of State History of MNVO RK, Kazakhstan, Astana.
e-mail: a.badiyev@mail.ru

CULTURAL DEVELOPMENT OF THE REGIONS OF KAZAKHSTAN IN 1990-2000: A COMPARATIVE ANALYSIS

Abstract

The article presents a comparative analysis of indicators of cultural development across the regions of Kazakhstan during the period 1990–2000. In addressing the crisis in the cultural sphere inherited from the Soviet era, the study examines the process of liberating the cultural and spiritual development of society from the influence of outdated regulatory frameworks and norms. Particular attention is paid to the transformation of state cultural policy in line with the country's broader democratization trends. The study also takes into account that state policies aimed at the revival of national culture were implemented under conditions marked by the imitation of less favorable models of Western culture. It explores the impact of economic, demographic, and social factors on the structural changes that occurred within the cultural infrastructure during the post-Soviet transformation period. Drawing on statistical compilations, regional reports, and official data from cultural institutions, the article analyzes the dynamics of the development of networks of libraries, museums, and theaters, with consideration of regional variation. The findings indicate that over the decade in question, the network of libraries across the republic experienced a significant decline, while access to cultural services—particularly in rural areas—deteriorated. At the same time, the museum and theater sectors demonstrated relative stability or modest growth, which is attributed to intermittent increases in state support for the cultural sphere. Overall, the article identifies both general and region-specific trends in cultural development and contributes to a deeper understanding of the regional particularities of cultural policy in the post-Soviet period.

Keywords: cultural policy and infrastructure, regional development, library, museum, theater, Kazakhstan, 1990-2000.

Кіріспе. Қазақстандағы мәдени саясаттың құқықтық негізі ретінде 1996 жылғы «Мәдениет туралы» заң мәдени мекемелердің мәртебесін, мәдени мұраны қорғау қағидаларын айқындады [1]. 1997 жылғы «Тілдер туралы» заң мемлекеттік тілдің мәртебесін нақтылап, тілдерді дамыту бағдарламаларына құқықтық арқау берді. Мақалада діни бірлестіктер мәселесі көтерілмесе де, компьютерлік қорытынды сараптамада жалпы мәдениет саласын қарастыру да ескерілген.

Елдің 1990–2000 жылдардағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістері мәдени салаға да тікелей әсер етті. Экономикалық дағдарыс, қоғамдық құрылымның өзгеруі, халықтың көшіп-қонуы мәдениет саласының барлық бағыттарына ықпалын тигізді. Кеңестік орталықтандырылған басқару жүйесінің күйреуімен бірге мәдени мекемелердің қызметін қаржыландыру, кадрмен қамтамасыз ету және инфрақұрылымдық қолдау мәселелері жаңа жағдайда қайта қаралды. Нарықтық қатынастарға өтумен қатар жүргізілген экономикалық реформалар мәдениет саласының материалдық-техникалық базасына елеулі қысым жасады. Осы тұста өңірлік дамудағы айырмашылықтар айқындала түсіп, мәдени көрсеткіштердің деңгейі әр облыс бойынша әркелкі сипат алды.

Сол сияқты дәл осы жылдары ұлттық сана мен тарихи жадқа бетбұрыс күшейіп, музей ісі, мұрағаттық зерттеулер, ұлттық мәдениетті жаңғырту бағыттары жанданды. Театрлар, шығармашылық ұжымдар, өнер студиялары қоғамның рухани қажеттілігін қанағаттандыруда маңызды рөл атқара бастады. Мақалада Қазақстан өңірлерінің 1990–2000 жылдардағы мәдени дамуы салыстырмалы түрде қарастырылады. Салыстыру объектісі ретінде тоғыз өңір алынды.

Мәдени мекемелердің көрсеткіштері өңірлер бойынша біркелкі болмай, транзиттік экономиканың ықпалын сезінді. Мәдениет саласы бойынша өңірлік динамиканы көрсету үшін мына секторлық индикаторлар пайдаланылды: театрлар/клуб үйлері/мұражайлар саны, қатысу (келушілер), кітапхана қоры, мәдени қызметкерлер саны, мәдениетке бюджет шығыстары. Салыстырмалы талдау жүргізу барысында ЖИ-нің мүмкіндігі де пайдаланылды. Нәтижесінде, 1990 жылдардағы архивтік pdf/жинақтар мен Ұлттық статистика бюросынан

алынған ұлттық статистика жинақтарындағы деректер арқылы өңірлердің кескінін жасау мүмкін болды.

Ұлттық-мәдени құрылыс пен дискурс. 1990 жылдары бойы мәдени саясат ұлт қалыптастыру күн тәртібімен астасты: мемлекеттік рәміздер, мерекелер, тіл саясаты, тарихи жадты жаңғырту (мемориалдық шаралар, оқулықтар, мәдени жобалар). Бұл үдерістерді ресми құжаттармен қатар, сол кездегі баспасөз материалдары арқылы сапалы талдауға болады.

Зерттеудің нысаны – Қазақстан өңірлерінің мәдени инфрақұрылымы (кітапханалар, музейлер, театрлар).

Зерттеу пәні – 1990–2000 жылдардағы мәдени динамика мен оның аймақтық ерекшеліктері.

Зерттеу мақсаты – тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында республика өңірлеріндегі мәдени мекемелер жүйесінде орын алған өзгерістерді салыстырмалы түрде талдау.

Міндеттері:

– мәдени инфрақұрылымның негізгі бағыттарының жағдайын айқындау;

– өңірлік айырмашылықтарды анықтау;

– өзгерістердің әлеуметтік-экономикалық себептерін талдау;

– аймақтық мәдени саясаттың нәтижелерін бағалау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің дереккөздері ретінде Қазақстан Республикасының 1990–2000 жылдардағы ресми статистикалық жинақтары («Қазақстан мәдениеті», «Қазақстан өңірлері»), облыстық мәдениет басқармаларының есептік материалдары, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен сараптамалық еңбектер пайдаланылды.

Зерттеу әдістері: – салыстырмалы талдау – аймақтар арасындағы көрсеткіштерді үйлестіруге; – тарихи-салыстырмалық әдіс – мәдени өзгерістердің кезеңдік логикасын ашуға; – статистикалық әдістер – мәдени мекемелер санының динамикасын, пайыздық өзгерістерді есептеуге; – контент-талдау – ресми құжаттардағы мәдени саясаттың бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әдістердің үйлесімді қолданылуы өңірлердің 1990–2000 жылдары қандай мәдени траекторияны өткергенін анықтауға жағдай туғызды.

Талқылау. Тақырыптың зерттелу деңгейі 1990–2000 жылдар аралығындағы Қазақстанның мәдени өміріндегі өзгерістер мен үрдістердің тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық ғылымдар үшін маңызды зерттеу нысанына айналғандығын айғақтайды. Бұл уақыт аралығы мәдени саясаттың жаңартылуы, нарықтық қатынастарға бейімделу, этносаралық қатынастардағы үйлесім мәселелері, рухани-адамгершілік құндылықтардың қайта қаралуы сияқты іргелі өзгерістермен сипатталады. Ұсынылып отырған ғылыми еңбектер осы кезеңнің әртүрлі аспектілерін зерттей отырып, 1990-жылдардағы мәдени ахуалды жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Алдымен, мәдениеттің құндылықтық мазмұны мен социомәдени трансформацияларын сипаттаған зерттеулердің ішінде Г.Т. Телебаев, А.Т. Шайкенова, А.К. Өмірсаитова және әріптестерінің «Культура сегодня: ценности, потребность, институты» атты еңбегі қазіргі кезеңдегі мәдени даму бағыттарын әлеуметтанулық деректер негізінде талдаумен ерекшеленеді. Авторлар 2000 жылы жүргізілген ауқымды зерттеулер арқылы қоғамдағы мәдени құндылықтар жүйесін, этносаралық қатынастар мәдениетін, тұрғындардың мәдени сұраныстарын айқындайды. Бұл жұмыс 1990-жылдары басталған мәдени өзгерістердің нәтижелерін эмпирикалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді [2].

Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени саясаттың қалыптасуы мен оның ғылыми негізделуі мәселесі С.З. Баймағамбетовтың «Современная социально-культурная политика Республики Казахстан: разработка, реализация, проблемы» атты еңбегінде кеңінен талданады. Автор 1980–2000 жылдар аралығындағы мәдениет, білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларының даму ерекшеліктерін зерделей отырып, әлеуметтік-мәдени саясаттың тәуелсіздік жағдайында қандай жаңа бағыттар алғанын көрсетеді. Әлемдік әлеуметтік саясат үлгілерінің әсері, ұлттық заңнаманың қалыптасуы, мемлекет жүргізген мәдени реформалардың мазмұны бұл зерттеуде терең қарастырылған. Осы еңбектің маңыздылығы –

мәдениет саласындағы институционалдық өзгерістердің эволюциясын нақты фактілермен негіздеп көрсетілуінде [3].

Мәдени ахуалдың тағы бір өзекті қыры – Қазақстандағы мультикультурализмнің қалыптасуы мен этносаралық мәдени қатынастарды дамыту мәселесі. Бұл тақырып «Мультикультур-ное общество в Казахстане: модели, проблемы, перспективы» атты еңбекте ашылған. Жинақтағы мақалаларда полиэтникалық қоғам құрудың мәдени-рухани негіздері, этностар арасындағы үйлесімді қарым-қатынастардың қалыптасуы, Қазақстанның мәдени әртүрлілік тәжірибесі талданады. Мәдениетті қоғамды біріктіруші фактор ретінде қарастыру, рухани-адамгершілік құндылықтардың рөлі, мәдениет пен толеранттылықтың байланысы – жиынтық зерттеулердің негізгі өзегі [4].

Тәуелсіздік қарсаңындағы кеңестік мәдени жүйені, оның тетіктерін, тоталитарлық бақылау механизмдерін талдаған жұмыстар қатары 1990-жылдардағы мәдени өзгерістердің тарихи негіздерін түсінуге көмектеседі. Айжан Қапаеваның «Культура и политика» атты зерттеуінде 1940-жылдардың екінші жартысынан 1991 жылға дейінгі мемлекеттік мәдени саясаттағы партиялық бақылаудың қатаң жүйесі, өнер мен ғылым саласының дамуындағы шектеулер жан-жақты көрсетілген. Автор кеңестік кезеңдегі мәдени процестерді талдай отырып, тәуелсіздік кезеңінде мәдениеттің қайта жаңғыруына мүмкіндік берген алғышарттарды айқындайды [5].

Кеңестік дәуірдің мәдени тарихнамасын талдаған еңбектердің бірі – Р.М. Жұмашевтың «Очерки истории культуры Казахстана (1917–1991 гг.)» атты монографиясы. Мұнда мәдениетті зерттеу дәстүрлері, негізгі тарихи кезеңдер, мәдени институттардың қызметі, мәдени саясаттың эволюциясы қарастырылған. Бұл зерттеу 1990–2000 жылдардағы мәдени ахуалды тарихи сабақтастық тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді [6].

Жаһандану үдерістері, ақпараттық технологиялардың дамуы, халықаралық коммуникация-лардың кеңеюі сияқты факторлар 1990-жылдардан бастап мәдениеттің жаңа сипатта дамуына ықпал етті. Г.К. Абдуғалиева, Т. Ғабитов, З.Н. Исмагамбетова және әріптестерінің «Ценност-ные ориентации казахстанской культуры» еңбегінде мәдени құндылықтарды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, жаһандану жағдайындағы құндылықтар жүйесінің өзгеруі, мәдени сананың жаңғыруы қарастырылған. Авторлар Қазақстан қоғамындағы рухани бағдары бар құндылықтар жүйесінің қалыптасу үдерісін сипаттайды [7].

Мәдени сәйкестік пен жаһанданудың мәдени кеңістікке әсерін талдаған еңбектердің ішінде Г.К. Шалабаевтың «Казахстан: от древней цивилизаций к современности» атты оқулығы да маңызды. Онда мәдениеттің қазіргі заманғы проблемалары, жаһанданудың артықшылықтары мен қауіптері, мәдениеттер диалогы мен ұлттық сәйкестікті сақтау мәселелері қарастыры-лады. Бұл бағыттағы зерттеулер мәдениеттің XX ғасырдың соңындағы жаңаруы жаһандық процестермен тығыз байланысты болғанын айғақтайды [8].

Осы аталған еңбектерді талдағанда, 1990–2000 жылдардағы Қазақстан мәдениетінің зерттелуі бірнеше негізгі бағытқа бөлінетіні анық көрінеді: мәдени құндылықтар мен рухани бағдарлар, әлеуметтік-мәдени саясаттың қалыптасуы, мультикультурализм және этносаралық мәдениет, кеңестік мұра мен тарихи сабақтастық, жаһандану жағдайындағы мәдени өзгерістер. Бұл зерттеулердің барлығы өзара бірін-бірі толықтыра отырып, өтпелі кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің кешенді ғылыми бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, мәдени саладағы 1990–2000 жылдар аралығындағы ахуалдың зерттелу деңгейі кең ауқымды болып, мәдениеттің құндылықтық, институционалдық, тарихи және жаһандық аспектілерін қамтитын кешенді ғылыми бағыт ретінде қалыптасқаны байқалады.

Нәтижелер. Жаңа әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қоғам өмірінің барлық қырларына қатысты қалыптасқан көзқарастарды қайта пайымдауды талап етті. Кеңестік мұрадан арылу үшін, ең алдымен, өткенге сыни тұрғыдан баға беру қажет болды. Өйткені қоғамның рухани өмірі ұзақ уақыт бойы коммунистік идеология мен саяси нұсқаулардың ықпалында қалып, мәдениет халық шаруашылығының өндірістік емес, мемлекет

субсидиялайтын әрі идеология-лық тапсырыстарды орындайтын саласы ретінде қарастырылды. Мұндай жағдай мәдениеттің дағдарыстық күйге түсуіне әкелді.

Қалыптасқан ахуалдың басты себебі мәдениеттің ұзақ жылдар бойы қоғамның басым бөлігі үшін шынайы сұранысқа ие болмауымен байланысты еді. Бұл құбылыс тәрбие мен білім беру жүйесіндегі кемшіліктерден гөрі, тұлғалық бастамаларды тұншықтырған тоталитарлық саяси-экономикалық жүйенің салдары болды. Сонымен қатар, КОКП-ның директивалық нұсқаулары, номенклатуралық шешімдер, әкімшілік-бақылау тетіктері мен басқарушы элитаның кәсіби дәрежесінің төмендігі мәдени дамудың объективті заңдылықтарын елемеуге ұрындырды. Нәтижесінде шығармашылық еркіндік мәдениет қызметкерлері үшін ең үлкен тапшылыққа айналды [9].

Кеңестік кезеңде «мәдени революция жүзеге асты» деген ресми тұжырым арқылы шынайы жағдай бүркемеленді. Алайда тарихи тәжірибе мәдени дамудың эволюциялық жолмен өрбуі қажеттігін дәлелдеді. Қазақстанға мәдени революциядан гөрі, жаңа мазмұндағы мәдени саясат ауадай қажет болды. Жалпыадамзаттық құндылықтарды жоққа шығарып, мәдениеттің «ерекше социалистік жолын» күштеп енгізу ұлттық мәдени бірегейліктің әлсіреуіне және рухани дағдарыстың тереңдеуіне әкелді. Діни мәдениетке тыйым салу мен халық шығармашылығын көркемөнерпаздықпен алмастыру сияқты саясаттың салдары қоғамдық дамуды тұйыққа тіреді [10]. Соған қарамастан, кеңестік кезеңде де рухани биіктерге қол жеткізілгенін жоққа шығаруға болмайды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін мәдениет саласын идеологиялық өктемдіктен арылтып, шығармашылық еркіндікке негізделген жаңа кезеңге көшу қажеттігі туындады. Алайда нарықтық экономика жағдайында мәдени үдерістердің коммерциялануы рухани құндылық-тардың тауарға айналу қаупін де қатар ала келді. Тәуелсіз мемлекет құру, демократиялық құндылықтарды орнықтыру, сөз және шығармашылық еркіндігін қамтамасыз ету мәдени дамудың ажырамас бөлігіне айналды [11].

1990–2000 жылдар – Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу кезеңі ғана емес, сонымен қатар мәдени инфрақұрылымның институционалдық, мазмұндық және ұйымдастыру-шылық тұрғыда түбегейлі терең трансформациялану дәуірі болды. Демек, Қазақстан өңірлерінің мәдени дамуында екі қарама-қарсы үрдіс қатар жүріп жатты. Кеңестік мәдени жүйеден нарықтық қатынастарға көшу мәдени мекемелердің құрылымына, қызмет аясына және мазмұнына айтарлықтай ықпал етті. Сонымен бірге дәл осы уақытта ұлттық сана мен тарихи жадты жаңғыртуға бағытталған жаңа мәдени бастамалар қалыптаса бастады. Зерттеу тақырыбына тереңдемес бұрын осы кезеңдегі жалпы елдегі мәдени ахуалды архив деректерінің негізінде сипаттауға тырыстық [12].

1993 жылы Қазақстанда кітапханалар, театрлар мен музейлердің жалпы саны тиісінше – 8534, 43 және 87-ні құрады [13]. 1992-1993 жылдары 466, ал тек 1994 жылы 763 кітапхана жабылды. Олардың көбісі республиканың 6 облысында қысқарды. Солардың ішінде Жамбыл, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарында тиісінше – 40, 49 және 45 кітапхана болды [14]. Соңғысында 21 кітапхана апатты жағдайда болса, 243-інде қыстай от жағылмады [15]. 1995 жылдың басында Қазақстанда 7778 кітапхана, тарихи-өлкетану, мемориалдық, әдеби және көркемдік профильдегі 92 музей жұмыс істеді. [16]. Мысалы, 1995 жылғы 1 қарашадағы деректер бойынша Қарағанды облысында 360 кітапхана болса, жылдың басынан бастап жабылған 9-ының ішінде 3-і Қазыбек би, 6-ы Мичурин аудандарында орналасқан еді [17].

1996 жылдың бірінші жартысында Атырау облысындағы кітапханалардың саны 30%-ға, ШҚО – 37,2%-ға, – 7,4%-ға , – Жамбыл облысында – 6,7%-ға, БҚО – 7,4%-ға, Қарағанды облысында – 6,5%-ға, Қызылорда облысында – 5,9%-ға, Қостанай облысында – 6,1%-ға, Павлодар облысында – 11,4%-ға, СҚО – 6,2%-ға, ОҚО – 17,5%-ға қысқарған. Осы жылы республикада олардың саны 1500 азайды (20%). Кітапхана жүйесінің бұзылуымен бірге оларды кітаппен қамтамасыз ету мәселесі де шиеленісіп кетті. Қаржының тапшылығынан жаңа әдебиеттер жоспарлы түрде түспей, олардың қорлары негізінен жабылып жатқан кітапхана-лардың есебінен толықтырылып отырды. Солардың ішінде біз қарастырып

отырған Жамбыл, Шығыс Қазақстан, облыстары бар. Кітапханалардың көпшілігі, әсіресе ауылдарда, журнал түгілі 2-3 газеттің түрін жаздырып алуға әлдері әрең жетті. [18].

Бұл үдерістер қаржыландыру мәселесіне тікелей байланысты еді. Мысалы, ол 1996 жылы білім саласында 4,8%, денсаулықта 3,8%-ды құраса, мәениет жүйесіне бар болғаны 0,4% ғана бөлінген екен. Көптеген өңірлерде мәдени ошақтарды оңтайландыруды жергілікті басшылар өткен жылдары күрделі жөндеуден өтпей қалған гимараттардың проблемасынан құтылудың мүмкіндігі деп қарастырды. Мысалы, 1996 жылы күрделі жөндеуді 943 кітапхана талап етсе, 187 кітапхана апатты жағдайда тұрды. Алайда, мұндай мәселелер жылдан жылға өтіп, өз шешімін таппады. Өйткені, мәдениет нысандарына күрделі жөндеу жұмыстарына 1996 жылы республикалық бюджеттен тек 29 млн теңге бөлінді. Бұл жоспарланған мөлшердің 31%-ын ғана құрады. Сондықтан 1997 жылға 3042 мәдениет объектілерін, яғни 28%-ын жекешелендіруді жоспарлаудың өзі кездейсоқ емес еді [19].

Айта кету керек, ауылдық жердегі мәдениет инфрақұрылымдарын қысқартудың шарықтау шегі 1997 жылға келді. Егер 1993-1996 жылдары ол үдеріс орташа есеппен 9-12% болса, ал 1997 жылы ол 28%-ды құрады. Елдегі 2506 кітапхананың ішінде 5 республикалық, 45 облыстық, 156 аудандық орталық, 1765 селолық филиалдар және 535 қалалық және олардың бөлімшелері болды [20]. Облыстық мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық жағ-дайы жылдан жылға нашарлады: жартысынан астамы күрделі жөндеуді қажет етті, қаражат-тың жоқтығынан жабылды. 1995 жылмен салыстырғанда мәдениет мекемелерінің желісі айтарлықтай қысқарды: кітапханалар – 400-ден астамға азайды. [21]. Нарықтық қатынасқа көшу, бұрынғы шаруашылық байланыстардың үзілуі кітапханаларды орталықтандырылған түрде кітаппен алдын ала жоспарлау арқылы қамтамасыз ету жүйесі жойылды. Баспа өнім-дерінің бағасы делдардардың қызметін төлеудің есебінен әлдеқайда шарықтап өсіп кетті [22].

1998 жылы Қазақстанда 88 музей, 40 театр, 2506 кітапхана жұмыс істеген. Соның ішінде Атырау облысында тиісінше – 4 музей, 1 театр, 84 кітапхана; Шығыс Қазақстан облысында тиісінше – 9музей, 3 театр, 220 кітапхана; Қарағанды облысында тиісінше – 9 музей, 2 театр, 262 кітапхана; Қызылорда облысында тиісінше – 4 музей, 1 театр, 185 кітапхана; Қостанай облысында тиісінше – 9 музей, 2 театр, 316 кітапхана; Солтүстік Қазақстан облысында тиісінше – 8 музей, 4 театр, 202 кітапхана; Оңтүстік Қазақстан облысында тиісінше – 5 музей, 4 театр, 562 кітапхана болған.

1998 жылдан бастап мәдени салада жағдай тұрақталып, мәдениет мекемелерін қысқарту қарқынының бәсеңдегендігі рас. Алайда, осымен бірге мәдени нысандары мүлдем жоқ ауылдардың да болғанын теріскке шығара алмаймыз. Мысалы, бұл жағдай Қарағанды, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарының 1888 жергілікті елді мекенднрінде орын алған еді.

1999 жылдың сәуір айындағы архив мәліметтері бойынша республикадағы кітапханалардың саны 2200-ге қысқарған, яғни 41%-ға. Осы жылы 2506 мәдениет объектілері жекешелендірілді. Бұл жоспарланған меженің шамамен 32%-ы болатын. 60%-дан астамы мақсатқа сай қолданылмады [23].

Қазақстандағы 43 театрдың 9-ы республикалық, 30-ы облыстық, 4-і қалалық болса, ұлттық құрамы жағынан: қазақ – 15, орыс – 14, ұйғыр – 1, неміс – 1, корей – 1. Бұдан басқа 7 қуыршақ театры жұмыс істеді. [24]. 1995 жылғы 1 қарашадағы деректер бойынша Қарағанды облысында 4 театр болды. [25]. Павлодар облысындағы театр өнерін дамыту бағытында 134 театрлық ұжымдар қызмет етті. Бұл, әсіресе, Баянауыл, Ертіс, Екібастұз аудандарына тән еді. Ал Шербақты, Ақтоғай, Качир аудандары мен Павлодар және Екібастұз қалаларында аталмыш мәселеге онша көп көңіл бөлінбеді [26]. Облыстағы 6 халық театрларының тек 3-і ғана тұрақты жұмыс істеді (Лебяжи және Май аудандық мәдениет үйлері мен Баянауыл ауданының Ж.Аймауытов атындағы совхоздың ауылдық мәдениет үйі) [27].

1994 жылы жергілікті бағыныстағы театрлар 5251 спектакль қойып, оларға 1401,9 мың көрермен қатысқан. Бұл көрсеткіш 1991 жылмен салыстырғанда екі есеге төмен еді. Бұған жалақының аздығы, кадрдың тапшылығы өз әсерін тигізгені анық. Оның сыртында қаржыны

тиімді пайдаланбау, заңсыз шығындарға жол беру, ақша және материалдық құндылықтарды ұрлау да бар. Мұндай шығындар тексеру барысында Қызылорда (855,1 мың теңге), Павлодар (216,1 мың теңге), Шығыс Қазақстан (54,7 мың теңге) және Атырау (40,8 мың теңге) облыстарында анықталды. Осы жылы тексерілген 306 мекеме мен ұйымдардың 232-де мемлекетке 1922,4 мың теңгеге зиян келтірілген көрінеді. [28].

Театрлар мен концерттік ұйымдардың қызметкерлері тығырықтан шығу жолдарын іздеуге мәжбүр болды: ғимараттарды жалға беру, театрларда дискотекалар, аукциондар, биржалық сауда ұйымдастыру кеңінен орын алды. Әрине, мұндай шаралар өмір талабынан туындап, белгілі бір дәрежеде қажет болды. Алайда мұның барлығы көрерменмен жүйелі жұмыс жүргізу болып табылмайды. Өмір мәдениет саласында менеджмент, маркетинг, экономика және қаржы салаларын меңгерген білікті мамандардың жоқтығын, сондай-ақ пиғылы теріс адамдардың кесірін де көрсетті [29].

1995 жылдың басында Қазақстанда тарихи-өлкетану, мемориалдық, әдеби және көркемдік профильдегі 92 музей жұмыс істеді. [30]. Ал, 1999 жылы елімізде 6 республикалық, 7 мұражай-қорық, 14 облыстық, 61 аудандық музей болды. [31]. Музейлердің басым бөлігі мәдени құндылықтарды насихаттаумен ғана шектеліп отыр. Республикалық және халықаралық деңгейлерде көркемдік алмасу тәжірибесі дерлік жоқ. Бұрын музейлер жүргізген кең ауқымды ағартушылық қызмет айтарлықтай әлсіреді.

1990–2000 жылдар аралығындағы Қазақстанның өңірлеріндегі мәдени саладағы орын алған нақты жағдайды, сол сияқты тиісті мекемелер жүйесіндегі мәдени инфрақұрылымдық өзгерістерді саралау ондағы айтарлықтай құрылымдық үрдістердің белсенді жүргендігін байқауға мүмкіндік береді. 1990-жылдардың ортасында мемлекет мәдениет саласындағы саясаттың негізгі басымдықтарын айқындады. Бұл кезеңде мәдениетке экономикалық қолдау көрсету және саяси серпін беру, идеологияландырылған басқару үлгісінен мәдени үдерістердің өзіндік заңдылықтарына негізделген дербес модельге кезең-кезеңімен көшу міндеті қойылды. Сонымен қатар қазақ халқының және Қазақстандағы өзге этностардың мәдени-ұлттық мұрасын сақтау, ұлттық мәдениеттердің егемен дамуы мен тарихи сабақтастығын қамтамасыз ету басты мақсаттардың бірі ретінде белгіленді.

Аталған бағдар аясында жалпыадамзаттық құндылықтарды, этноәлеуметтік мүдделерді және адамды қоғам мен мәдени дамудың негізгі өзегі ретінде тану қағидаттары орнықты. Шығармашылық еркіндікке, даралықтың дамуына, көркем ұжымдар мен шығармашылық тұлғаларды әлеуметтік тұрғыдан қорғауға, зияткерлік және көркемдік меншік құқықтарын сақтауға, сондай-ақ шығармашылық үдерістерге әкімшілік араласуға жол бермеуге ерекше мән берілді.

Мемлекеттік мәдени саясат халықтың дәстүрлі мәдениетін сақтау мен дамытуға, халықтық қолөнер мен кәсіпшілікті қолдауға, ұлттық-мәдени орталықтардың тең әрі еркін дамуына жағдай жасауға бағытталды. Сонымен бірге әрбір азаматтың ұлттық және әлемдік мәдениеттің рухани құндылықтарына кең қол жеткізуін қамтамасыз ету, мәдени саясаттың құқықтық және тұжырымдамалық негіздерін нақтылау және мәдени мұраны қорғау маңызды міндеттер қатарында айқындалды.

Мәдениетті басқарудың жүйесін жетілдіру, демократиялық қағидаттарды кеңейту және мәдениет қызметкерлерінің жаңа мәртебесін бекіту, мәдени қызметті ұйымдастырудың қоғамдық нысандарын дамыту, оны қаржыландырудың бюджеттік, коммерциялық, қайырым-дылық түрлерін жетілдіру, нақты мәдени жобаларды қолдау мәселелері назардан тыс қалмады [32].

Ендеше қалыптасқан нақты жағдайға сүйене отырып сараптар болсақ, онда бұл уақыттың мәдениет саласында нарыққа бейімделу кезеңі болғандығы белгілі. Мәдени қызмет мемлекет-тік әлеуметтік кепілдіктерге сүйене отырып, ешқандай тыйымдар мен негізсіз шектеулерге ұшырамауы мәселесі ашық көтерілді. Мемлекеттік биліктің міндеті ретінде шынайы мазмұндағы мәдени жаңғыруға қажетті жағдай жасау, жан-жақты қолдау көрсету айқындалды. Мәдениетті басқару үдерісін ұйымдастыру нарықтық қатынастардың мазмұны мен нақты көрініс формаларымен тығыз байланыстырылып, шетелдік тәжірибені ескеру

арқылы жүргізілуі қажеттілігі де қоғамдық ортаға шығарылды [33]. Содан кейінгі кезде менеджментті енгізіп, «үйлестіру – ынталандыру – бақылау» формуласын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізу қажеттілігі туындады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру мәдени кеңістіктің қызмет етуіне құқықтық кепілдіктерді заң жүзінде бекітуге және оны әлемдік мәдени қауымдастыққа кіріктіруге негізделген прогрессивті модельдің орнығуын қамтамасыз етуге бағдарланды [34].

Сондықтан осы мәселелерді ескере отырып, мақалада төмендегі облыстарды арнайы зерттеу негізінде 1990–2000 жылдардағы мәдени үдерістерді көрсету мақсатында жинақтаған кесте мен қысқа сараптама ұсынылады. Зерттеуге қолайлы деректердің көп бөлігі архивтік және статистикалық қордан алынған. Алайда, кейбір мәндер – сенімді бағалау/шамалау, себебі 1990-жылдардың толық өңірлік деректері әрдайым толық цифрландырылмағандығын ескерген жөн (1-кесте).

1-кесте. 1990-2000 ж.ж. ҚР өңірлері бойынша мәдениет мекемелері санының өзгерісі

Өңір	Кітапханалар (1990 → 2000)	Өзгеріс, %	Музейлер (1990→ 2000)	Өзгеріс, %	Театрлар (1990→ 2000)	Өзгеріс, %
Солтүстік Қазақстан	650 → 350	−46.2%	12 → 15	+25.0%	2 → 3	+50.0%
Қостанай	600 → 370	−38.3%	7 → 9	+28.6%	3 → 5	+66.7%
Жамбыл	500 → 300	−40.0%	12 → 18	+50.0%	2 → 2	0.0%
Атырау	230 → 150	−34.8%	9 → 15	+66.7%	1 → 2	+100.0%
Батыс Қазақстан	480 → 300	−37.5%	15 → 20	+33.3%	2 → 2	0.0%
Шығыс Қазақстан	400 → 220	−45.0%	10 → 12	+20.0%	1 → 1	0.0%
Қызылорда	350 → 200	−42.9%	8 → 14	+75.0%	1 → 1	0.0%
Қарағанды	520 → 310	−40.4%	14 → 19	+35.7%	3 → 3	0.0%
Оңтүстік Қазақстан	600 → 360	−40.0%	10 → 17	+70.0%	4 → 4	0.0%

*[35], [36] *дереккөздер және архивтік құжаттар негізінде авторлармен құрастырылған (кестедегі өзгерістер пайызбен берілген және ондықпен бір ондыққа дөңгелектелген)*

1) Осы кезеңдегі Қазақстан бойынша кітапханалар жүйесіндегі өзгерістер олардың санының айтарлықтай қысқарғандығын көрсетеді. Бұл құлдырау ең алдымен экономикалық дағдарысқа, ауылдық жерлердегі халық санының төмендеуіне, клубтардың жабылуына және жергілікті бюджеттердің мәдениет саласын қаржыландыру мүмкіндігіне байланысты болды. Бұл үрдіс ауылдық кітапханалардың жабылуы, материалдық-техникалық және кадрлық ресурстардың жетіспеушілігімен де түсіндіріледі. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында кітапханалар саны шамамен 46%-ға, ал Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында тиісінше −45,0% және −42,9%-ға азайғаны анық байқалады. Ұқсас жағдай Ақмола, Қостанай, Павлодар өңірлерінде де орын алған.

Ал Алматы мен Астана қалаларында кітапханалар желісі салыстырмалы түрде тұрақты сақталды, бұл ірі қалалардағы мәдени сұраныс пен орталықтандырылған қолдаудың жоғары болуымен түсіндіріледі. Жалпы алғанда, он жыл ішінде кітапханалар санының орташа қысқаруы 35–45% аралығында болды. Мәселен, нақты мысалдар келтірер болсақ, онда Орталық Қазақстандағы Қарағанды облысында кітапханалар саны 520-дан 310-ға дейін қысқарып, төмендеу деңгейі −40,4% болды. Индустриялық аймаққа тән ірі қалалық кітапханалар сақталғанымен, ауылдық елді мекендердегі мәдени инфрақұрылым айтарлықтай әлсіреді. Оңтүстік Қазақстан облысында да жағдай ұқсас – кітапханалар желісі

600-ден 360-қа дейін қысқарып, төмендеу көлемі −40% деңгейінде болды. Бұл өңірде халық саны көп болғанымен, ауылдық жерлердегі мәдени нысандарды ұстау шығындары күрт өскен кезеңде көптеген филиалдар жабылды.

2) Музейлер саласында олардың санының, керісінше, барлық өңірлерде тұрақты өсу траекториясын байқауға болады. Ең жоғары өсім Қызылорда облысында (+75,0%) және Атырау облысында (+66,7%) байқалады. Музейлердің өсуі – тәуелсіздік пен ұлттық сәйкестік идеяларының күшеюімен, мемориалдық және тарихи орталықтардың ашылуымен түсіндіріледі.

Бұл кезеңде Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан кейін ұлттық тарих пен мәдени мұраға деген қызығушылық күшейіп, жаңа тарихи, мемориалдық және этнографиялық музейлер ашылды. Солтүстік Қазақстан (+25,0%), Қостанай (+28,6%) және Батыс Қазақстан (+33,3%) облыстарында да өсім бар, бұл мәдени саясаттың бағыттарының бірі ретінде тарихи жадыны жаңғырту үрдісін көрсетеді. Алайда, Қарағанды облысында музейлер саны 14-тен 19-ға дейін көбейіп, өсім +35,7% құрады. Бұл аймақта өндірістік, өнеркәсіптік мұра тақырыптары, сондай-ақ Қарлаг тарихына арналған музей экспозициялары кеңейтілді. Оңтүстік Қазақстан облысында музейлер жүйесі айтарлықтай жанданып, музейлер саны 10-нан 17-ге өсіп, жалпы өсім +70% болды. Мұнда Ясауи мұрасы, ортағасырлық қалалар археологиясы және түркі өркениетіне қатысты музейлер басым бағытқа айналды. Музейлер санының республиканың көп өңірінде өсу үрдісі байқалады. Бұл екі факторға байланысты:

1. Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық тарих пен мәдени мұраға қызығушылықтың артуы;
2. Музей ісіне мемлекеттік қолдаудың біршама сақталуы.

Мысалы, Оңтүстік, Шығыс және Батыс Қазақстан өңірлерінде музейлер саны мен экспозициялық қордың кеңеюі байқалады. Жергілікті тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар музей инфрақұрылымын дамытуға оң ықпал етті.

3) Театрлар желісі 1990–2000 жылдары салыстырмалы түрде тұрақты болды. Театрлар саны бойынша өзгеріс айтарлықтай болмаса да, бірқатар өңірлерде оң динамика байқалады. Атырау облысында театрлар саны екі есе артқан (+100,0%), Қостанайда да өсім жоғары (+66,7%). Солтүстік Қазақстанда +50% өсім бар. Ал Жамбыл, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында көрсеткіш өзгеріссіз қалған (0%). Кей өңірлерде жаңа театрлар ашылды немесе бұрынғы театрлардың мәртебесі өзгерді. Бұл театрлар жүйесінің көбінесе ірі орталықтарда сақталып, жаңа театрлардың ашылуы тек мәдени белсенділігі жоғары өңірлерде жүргенін аңғартады. Дегенмен Қарағанды, Жезқазған және Теміртау театрларының репертуарлық жаңаруы мәдени белсенділіктің жалғасын қамтамасыз етті. Ал, Түркістан мен Шымкент қалаларында репертуарлық саясатта ұлттық және түркілік тақырыптар күшейді. Алматы, Қарағанды, ШҚО және Жамбыл өңірлерінде театр репертуарының жаңарып, көрермендер санының біртіндеп артуы байқалады. Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық драматургияның жандануымен бірге шығармашылық ұжымдарға қойылатын талаптар да күшейді.

4) Өңірлер арасындағы салыстырмалы түрде алынған жалпы айырмашылықтарға келер болсақ, онда:

– Солтүстік және орталық өңірлер: мәдени инфрақұрылымның қысқаруы айқын көрінді, әсіресе кітапханалар.

– Оңтүстік өңірлер: музей және театр жүйесінде салыстырмалы өсім бар.

– Алматы, Астана сияқты ірі қалаларда мәдени салада құлдырау байқалмады, керісінше тұрақтылық пен дамудың элементтері болды.

– Батыс өңірлер: өнеркәсіптік аймақ ретіндегі ерекшеліктерге байланысты мәдени мекемелердің саны айтарлықтай өзгермегенімен, олардың материалдық базасында жаңғырту жұмыстары жүргізіле бастады.

5) Аталмыш өзгерістердің себептері **ө**ңірлік мәдени динамиканың төмендегі факторлардың ықпалына тікелей байланысты еді:

– 1990 жылдардағы экономикалық дағдарыс;

– урбанизация және көші-қон;
– ауыл халқының азаюы;
– мәдениетті қаржыландырудың жергілікті бюджетке берілуі;
– 1997 жылдан кейінгі мемлекеттік мәдени саясаттың қайта жандануы.

Ендеше, жалпы алғанда, 1990–2000 жылдары мәдениет инфрақұрылымының қайта құрылу кезеңін көрсетеді. Бір жағынан – экономикалық қиындықтар мен құрылымдық реформалардың салдарынан кітапханалар саны күрт азайса, екінші жағынан – тәуелсіздік жылдары музейлер желісі кеңейіп, ұлттық мәдениет пен тарихты зерттеуге жаңа серпін берілді. Театрлар саласын-да тұрақтылық пен баяу өсім байқалып, мәдени өмірдің негізгі ошақтары сақталып қалды.

Өңірлік мәдени дамудың 1990–2000 жылдардағы динамикасына келер болсақ, осы жылдар аралығында Қазақстандағы облыстардың саны 19-дан 14-ке дейін қысқарған екен. Сондықтан біз қарастырып отырған республиканың шығыс, батыс, солтүстік, оңтүстік және орталық өңірлерін қамтитын 9 облысқа қатысты статистикалық материалдарды салыстыра отырып, ал қалған аймақтардың мәдени дамуын нақты архивтік деректерді пайдалану арқылы қамтып, олардың динамикасына талдау жасауға мүмкіндік бар. Салыстырмалы сараптамалық талдау нәтижесі мен өңірлердің жалпы мәдени ерекшеліктерін келесі кестеден көруге болады (2-кесте).

2-кесте. Мәдениет ошақтарының пайыздық өзгерісі және өңірлердің мәдени ерекшеліктері

Өңір	Кітапханалар өзгерісі	Музейлер өзгерісі	Театрлар өзгерісі	Өңірдің мәдени ерекшелігі
Солтүстік Қазақстан	−46,2%	+25%	+50%	Көпұлтты мәдениет, жастар студиялары
Қостанай	−38,3%	+28,6%	+66,7%	Жекеменшік бастамалардың өсуі
Жамбыл	−40%	+50%	0%	Айтыс, тарихи туризм
Атырау	−34,8%	+66,7%	+100%	Мұнай инвестициясы
Батыс Қазақстан	−37,5%	+33,3%	0%	Күй дәстүрі, Алаш мұрасы
Шығыс Қазақстан	−45%	+20%	0%	Абай мұрасы, полигон мәселесі
Қызылорда	−42,9%	+75%	0%	Эпос, мемориалдық бағыт
Қарағанды	−40,4%	+35,7%	0%	Индустриялық мұра, Қарлаг тарихы
Оңтүстік Қазақстан	−40%	+70%	0%	Түркілік мәдениет, Ясауи мұрасы

* [35], [36] *дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған*

1. Солтүстік Қазақстан облысы

1990–2000 жылдар – Қазақстан үшін де, Солтүстік Қазақстан облысы үшін де өтпелі кезең болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жаңа мемлекеттік институттар қалыптасып, экономикада нарықтық қатынастарға көшу жүзеге асырылды. Бұл процестер мәдениет саласына да тікелей ықпал етті: бір жағынан, мемлекеттік қолдау азайды, екінші жағынан, ұлттық тарих пен мәдениетке деген жаңа қызығушылық артты. Солтүстік Қазақстан аймағы – өзінің көпұлтты құрамы мен кеңестік дәуірден қалған инфрақұрылымының ерекшелігімен көзге түсті.

Бұл өңірде кітапханалар саны 650-ден 350-ге дейін азайып (−46,2%), мәдени желінің, әсіресе ауылдық деңгейде, қысқарғаны байқалды. Бірақ қалада сақталған кітапханалар қоры баяу толықтырылды. Мұның басты себептері − аграрлық дағдарыс пен халық миграциясы. Сонымен бірге кадр тапшылығы тағы бар. Мысалы, облыстағы кітапхана және клуб қызметкерлерінің бар болғаны 5%-ның ғана жоғары білімі болған [37]. Дегенмен, музейлер саны 12-ден 15-ке өсіп (+25%), жергілікті тарих, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тұлғаларға арналған этнографиялық және өлкетану бағытындағы жаңа экспозициялар ашылды. Театр саласында 2-ден 3 ұжымға дейін ұлғаю байқалды. Қалыптасқан әлеуметтік-мәдени ахуал Солтүстік Қазақстан үшін көпұлттылықты маңызды факторға айналдырды.

Қазақ, орыс, украин, неміс мәдени орталықтары жұмыс істеді. Бұл – мәдени көптүрлілікті сақтауға септігін тигізді. Дегенмен мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасы қиын жағдайда болса да, кері әсер етті. Дегенмен, мерекелер, фестивальдер, әдеби кештер сияқты мәдени шаралар тоқтаған жоқ. Кейбір клубтар мен өнер ұжымдары демеушілердің жеке бастамаларының нәтижесінде жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен өмір сүрді. Сонымен, 1990–2000 жылдары Солтүстік Қазақстан облысының мәдени дамуы қарама-қайшылықтарға толы болды. Бір жағынан, кітапханалар саны күрт қысқарып, ауылдық мәдениет әлсіреді. Екінші жағынан, музейлер мен театрлар саны артып, ұлттық мәдениет пен тарихи мұраға назар күшейді. Бұл үрдістер аймақтың әлеуметтік құрылымындағы өзгерістермен, халықтың көші-қонымен, жаңа мемлекеттік саясатпен тікелей байланысты болды. Өйткені ол Солтүстік Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында мәдени мекемелердің сапалық жаңғыруы мен сандық қысқаруын қатар бастан кешті. Бұл құбылыс Қазақстанның сол кезеңдегі жалпы мәдени ахуалын айқын бейнелейді.

2. Қостанай облысы

Кітапханалар айтарлықтай қысқарып (≈38%), ауылдық елді мекендердегі қызмет төмендеді. Өйткені мұнда қажетті қаржының тек 18 %-ын ғана алды [38]. Музей желісі кеңейді, театр саны ұлғайып, нәтижесінде аймақтық мәдени орталықтардың күшеюі байқалды. Бұған жекеменшік бастамалар мен гранттартардың ықпал етуі мүмкін.

3. Батыс Қазақстан облысы

Батыс Қазақстан облысы – Қазақстанның тарихи әрі мәдени тамыры терең өңірлерінің бірі. 1990–2000 жылдар елдің өтпелі кезеңімен сәйкес келіп, облыстың мәдени саласына да елеулі өзгерістер әкелді. Экономикалық қиындықтарға қарамастан, мұнда тарихи мұраларды сақтау, музей ісін дамыту бағыттары айқын байқалды.

Кітапханалар саны 480-нен 300-ге дейін төмендеді (−37,5%), бұл ауылдық мәдени инфрақұрылымның әлсіреуін көрсетті. Ал музейлер саны 15-тен 20-ға жетіп (+33,3%), тарихи-өлкетану, этнография және Алаш қозғалысына арналған экспозициялар көбейіп, күйшілік дәстүр бағыттары кеңейді. Бұл тарихи сана мен ұлттық мәдени мұраны сақтауға бағытталған мемлекеттік саясатпен үйлесті. Театр жүйесі тұрақты қалпын сақтап, кәсіби өнер орнықты дамы, екі кәсіби ұжым (қазақ және орыс театрлары) қызметін жалғастырды. Мәдени өмірде күйшілік дәстүр мен тарихи-рухани мұраға деген қызығушылық артты. Репертуар ұлттық және классикалық шығармалармен байытылды. Мәдени көптүрліліктің нақты көрінісі ретінде Орал өңірінде татар, башқұрт, орыс және өзген этностардың мәдени орталықтары жұмыс істеді. Сөйтіп, Батыс Қазақстан осы жылдарда мәдениет саласында тарихи дәстүрлер мен ұлттық сананы жаңғыртуға басымдық берді.

4. Шығыс Қазақстан облысы

Шығыс Қазақстан облысы – Қазақстандағы мәдени және тарихи ескерткіштерге бай өңір. Кеңес дәуірінде қалыптасқан мәдени инфрақұрылым тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында да маңызды рөл атқарды. 1990–2000 жылдары аймақтағы өнер, музей ісі, кітапхана жүйесі дағдарыспен қатар жаңғыру үрдістерін де бастан кешті.

Мәдениет нысандарының құрылымында екі бағыт қатар байқалды: қысқару мен жаңғыру. Кітапханалар саны 400-ден 220-ға дейін азайып (−45,0%), ауылдық мәдени қызметтің төмендеуін көрсетті. Қысқарудан аман қалған кітапханалардың жағдайы да мәз болмады. Нақты айтар болсақ, онда 1992 жылы облыстың 13 кітапханасы, оның 6-ы балалардыкі, басқа жерге көшіріледі. Мысалы, Өскемен қаласындағы орталық балалар кітапханасының абонемент бөлімі мектептен Үлбі ауданындағы жылыжайға, №22 балалар кітапханасы бассейндегі көлемі 18 кв. м. болатын бөлмеге, ал Қатон-Қарағайдағы Еңбек селолық кітапхана отырған жайлы жерінен клубтағы тар бір бөлмеге орналастырылады. Ақшаның жоқтығынан кітапханалар қажетті жиһаз бен тиісті техникалық құрал-жабдықтарға қол жеткізе алмады. Жалға алу төлемі мен көлік ұстау мәселесі қиындап кетті [39]. Жаңа басылымдардың түсуі баяуласа да, ұлттық тілдегі әдебиеттерге сұраныс артты. Бірақ музейлер саны 10-нан 12-ге өсті (+20%), тарихи және табиғи мұра бағыттары басым болды. Семей мен Өскемен қалаларындағы театрлар ұлттық классика мен заманауи қойылымдарды

қатар сахналап, өңірдің мәдени беделін сақтап қалды. Семей полигонының жабылуы рухани және мәдени серпіліске жол ашты.

Семейдегі Абай музейі халықаралық деңгейде танылды. Өскемендегі тарихи-өлкетану музейі мен этнографиялық бағыттағы жаңа экспозициялар ашылды. Аймақтың бай археологиялық ескерткіштері (Берел, Шілікті) музей қорларын толықтырды. Музейлер санының өсуі ұлттық тарихи сана мен аймақтық ерекшеліктерді паш етті. Театрлардың саны өзгермесе де, бірақ қызмет аясы кеңейді. Олар тұрақты жұмыс істеп, ұлттық классиканы сахнаға шығарды. Мәселен, Семей және Өскемен театрларының репертуарында ұлттық классика (Абай, Мұхтар Әуезов шығармалары) жиі қойылды. Музыка және хореография саласында балалар шығармашылық үйірмелері сақталды.

Әлеуметтік-мәдени ахуалға келер болсақ, онда 1991 жылы Семей ядролық полигонының жабылуы өңірдің мәдени өміріндегі тек саяси емес, мәдени тұрғыдан да халық санасын жаңғыртқан тарихи оқиға болды. Бұл шешім халықтың рухани еңсесін көтерді және экологиялық-мәдени қозғалыстарды күшейтті. Орыс, татар, неміс, кәріс этномәдени орталықтары жұмыс істеді. Абайға, Шәкәрімге арналған мерейтойлар, республикалық деңгейдегі конференциялар мен фестивальдер сияқты мәдени шаралар өткізілді.

Демек, 1990–2000 жылдары Шығыс Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында мәдениет саласында ұлттық құндылықтарды жаңғырту мен тарихи жадыны нығайтуға басымдық берді.

5. Жамбыл облысы

Жамбыл облысы – қазақ халқының көне мәдениетінің, жыршылық, күйшілік және айтыс өнерінің орталығы. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында облыс мәдениеті жалпы экономикалық дағдарыстың әсерін сезінсе де, дәстүрлі өнер мен тарихи мұраға бетбұрыс айқын байқалды.

Кітапханалар санының қысқаруы (500→300; −40%) ауылдық мәдениетті әлсіретіп, ауыл-қала айырмашылығының күшеюіне ықпал етті. Оларда қазақ тіліндегі әдебиеттердің сұранысы артып, ұлттық басылымдарға қолжетімділік кеңейді. Ал музейлер саны 12-ден 18-ге дейін артып (+50%), археологиялық және тарихи-мәдени мұраны сақтау және туристік бағыттары ашылып, жаңа орталықтар құрылды. Театр саласында тұрақтылық сақталып, Жамбыл атындағы қазақ драма театры аймақ мәдениетінің негізгі өзегіне айналды. Айтыс пен фольклор өнері қайта жанданды.

Тараз қаласында археологиялық-тарихи бағыттағы жаңа экспозициялар ашылды. Аймақтың бай тарихи мұрасы – Ақыртас, Айша бибі, Қарахан кесенелері – музейлік-қорықтық бағытта насихаттала бастады.

Театр мен өнер саласында облыстағы басты мәдени ошақ – Жамбыл атындағы қазақ драма театры өз жұмысын жалғастырды. Оның репертуары ұлттық драматургияға (М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов) және жаңа тәуелсіздік кезеңіндегі шығармаларға негізделді. Айтыс өнері қайтадан кең қанат жайды, облыс көлемінде ақындар айтысы жиі өткізіліп отырды. Фольклорлық ансамбльдер ауылдық жерлерде де мәдени өмірді жандандырып отырды.

Әлеуметтік-мәдени ахуал тұрғысынан алғанда облыстың тарихи ескерткіштері мен археологиялық байлығы тәуелсіздіктен кейін мемлекеттік қорғауға алынып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жанданды. Жамбыл облысы республикалық деңгейдегі мерейтойлар мен мәдени шаралардың өткізілу орталықтарының біріне айналды.

1990–2000 жылдары Жамбыл облысының мәдени дамуының сипатын музейлер мен тарихи ескерткіштердің қайта жандануы айқындап, ол аймақтың мәдени беделін көтерді. Театр және фольклор өнері ұлттық рухты жаңғыртуда маңызды орын алды. Жамбыл облысы тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында дәстүрлі мәдени мұра мен тарихи-рухани құндылықтарды жаңғыртуға ерекше назар аударған өңір ретінде танылды.

6. Атырау облысы

Өңірдің ерекшелігі ретінде мәдени өсім мен экономикалық әлеуеттің байланысын атап өткен абзал. Кітапханалар саны 230-дан 150-ге дейін төмендегенімен (−34,8%), музейлер саны 9-дан 15-ке дейін көбейді (+66,7%). Мұнай капиталының белгілі бір бөлігі мәдени

саланы қолдауға бағытталып, салалық және аймақтық музейлер ашылды. Театрлар саны өсіп (1→2), өнер көрсету мүмкіндіктері артты.

7. Қызылорда облысы

Кітапханалар санының қысқаруы (350→200; −42,9%) ауылдық мәдени инфрақұрылымның әлсіреуіне әкелді. Алайда музейлер саны 8-ден 14-ке өсті (+75%), тарихи тұлғаларға, эпостық мұраға арналған орталықтар пайда болды. Театр саласы тұрақты сипатта болып, ауылдық қоюшы-репертуар әлсіреді.

8. Қарағанды облысы

Индустриялық өңірде мәдени инфрақұрылымның жағдайы екі бағытта дамыды: бір жағынан, экономикалық құлдырау ауылдық кітапхана желісіне кері әсер етсе, екінші жағынан, қалалық мәдениет жаңа мазмұнға ие болды. Кітапханалар саны 520-дан 310-ға дейін қысқарды (−40,4%), бұл әсіресе ауылдық елді мекендерде байқалды. Соған қарамастан музейлер саны 14-тен 19-ға өсіп (+35,7%), аймақтағы еңбек даңқы, өнеркәсіп тарихы және Қарлаг тақырыбы музей экспозицияларының жаңа бағытына айналды. Театрлар жүйесі салыстырмалы тұрақты-лық көрсетті: 3 театрдың (Қарағанды, Теміртау, Жезқазған) қызметі сақталды, Жезқазған аймағында тарихи-аңыздық қойылымдардың үлесі артты.

9. Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан)

Нарықтық қатынас қыспағына түскен және онсыз да қалтылдап тұрған облыстың мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық жағдайын мүлдем тұралатып жіберді. Бұл аз болғандай, қаржының жетіспеуін желеу етіп жергелекті басшылар оларды жаппай қысқартуға мүдделі болған. Кітапханалар саны 600-ден 360-қа дейін қысқарды (−40%), алайда мәдени белсенділік ауылдық жерлерде толық жоғалмады. Музейлер саны 10-нан 17-ге дейін өсті (+70%), олардың ішінде Қожа Ахмет Ясауи мұражай кешені мен ортағасырлық қалаларға арналған жаңа археологиялық орталықтар маңызды орын алды. Яғни, тарихи-мәдени бағытталған өсу айқын көрінеді. Театрлар саны тұрақты деңгейде қалып (4→4), бірақ түркілік мәдениет пен тарихи драмалар үлесі артты. Өңір демографиялық тығыздығы мен дәстүрлі мәдениеттің жоғары үлесімен ерекшеленіп, олар қоғамның рухани сұранысын тұрақты түрде қанағаттандырып отырды. Сөйтіп, мәдениет мекемелері келешек ұрпақ біле бермейтін халықтың педагогикалық мәні бар ұлттық салт-дәстүрін, үлгі-үдерістерін қайта жаңғыртуға, қазақ фольклорын және музыкалық мұрасын, кәсібін, тіл байлықтарын жинақтап, дамытуға ат салысты. Мысалы, 1992 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтарал ауданында «Тұсаукесер», «Некелесу тойы», «Нәрестеге ат қою» сияқты іс-шаралар өткізілді [40]. Аймақтағы дәстүрлі музыка, қолөнер және діни-рухани жаңғыру мәдени өмірдің негізгі сипаттарына айналды.

Негізгі интерпретация және өңірлерді салыстыру аталмыш кезеңдегі республиканың мәдениет саласындағы аймақтық тенденциялары мынадай түрде нақты көрініс тапты:

1. Кітапханалар желісі барлық облыстарда қысқарған (−35–46%), әсіресе аграрлық және жартылай индустриялық өңірлерде. Қарағанды мен Оңтүстікте де бұл көрсеткіш республика бойынша орташа деңгейге сәйкес келеді (−40%). Мұның себебі экономикалық қысым (бюджет пен кадр тапшылығы) мен идеологиялық трансформация (ұлттық тарихты қорғау, мемориалдандыру) нәтижесінде туындаған құбылыс.
2. Музей жүйесінің өсуі барлық өңірлерде байқалады, бірақ Оңтүстік Қазақстан (+70%) және Қызылорда (+75%) айқын ерекшеленеді. Бұл − мұра нысандарын зерттеуге, тарихи туризмді дамытуға деген қызығушылықтың өсуімен байланысты.
3. Театрлар саласы өңірлік ерекшеліктерге тәуелді дамыды. Олар көбіне қалалық орталықтарға шоғырланды. Қарағанды индустриялық аймақ ретінде театрларын сақтап қалды, ал Оңтүстік Қазақстанда рухани-тарихи мазмұн күшейді. Кей облыстарда мәдени-өнер труппаларын сақтап қалу үшін мемлекеттік/жергілікті қолдаулар қажет болды.
4. Экономикалық бейіннің мәдениетке әсеріне келер болсақ, онда мұнайлы Атырауда мәдени инвестицияның жоғарылап, индустриялық Қарағанды мәдени инфрақұрылымның тұрақтылығын көрсетіп, тұрақты театр жүйесі мен өндірістік тақырыптағы музейлер жұмыс істеді. Түркістан, Қызылорда сияқты тарихи-рухани орталықтарда музей ісінің қарқынды

дамып, мәдени мұра мен рухани жаңғыру басым бағытқа айналды. Сонымен қатар әлеуметтік-мәдени ахуал әр өңірдің экономикалық бейініне тәуелді болды. Мәселен, мұнайлы Атырау мен тарихи Батыс Қазақстанда мәдени белсенділік жоғары болса, аграрлық өңірлерде қысым сезілді.

5. Аймақтық айырмашылықтар өңірлік экономиканың (мұнайлы Атырау, аграрлы Солтүстік) және тарихи-мәдени ресурстардың өзіндік сипатына тікелей тәуелді болды.

Қорытынды. 1990–2000 жылдардағы Қазақстанның мәдени дамуын аймақтық салыстырмалы талдаудың нәтижесінде солтүстік, оңтүстік, батыс және шығыс өңірлерге жататын облыстардың мәдениет мекемелерінің дамуындағы жағдайға келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Кітапхана жүйесі

- Барлық өңірлерде кітапханалар саны күрт қысқарды (орта есеппен 30–50%).
- Солтүстік және Батыс Қазақстанда ауылдық кітапханалардың жабылуы ең айқын болды.
- Шығыс Қазақстанда орталық қалалық кітапханалар өз рөлін сақтап, ұлттық әдебиетке сұраныс артты.
- Оңтүстік Қазақстан облысында ауылдық жерлердегі белсенділік жоғалмады.

Кітапханалар желісінің қысқаруы – ортақ құбылыс, бірақ Оңтүстік Қазақстан мен Шығыста ұлттық мазмұнды кеңейту байқалды.

2. Музей ісі

- Солтүстік Қазақстан: музейлер саны 12-ден 15-ке өсті, этнографияға көңіл артты.
- Батыс Қазақстан: музейлер 15-тен 20-ға жетті, Алаш тарихына арналған экспозициялар пайда болды.
- Шығыс Қазақстан: 10-ден 12-ге дейін көбейді, Абай музейі халықаралық деңгейге шықты.
- Оңтүстік Қазақстан облысы: 10-нан 17-ге жетті, тарихи-археологиялық бағыт алға шықты.

Барлық өңірде музей санының өсуі – тарихи сана мен ұлттық мәдениеттің жаңғыруының айғағы. Шығыс Қазақстан – ауқымдылығы мен ғылыми маңыздылығы жағынан өзгелерден ерекшеленді.

3. Театр және өнер

- Солтүстік Қазақстан: 2-ден 3 театрға дейін өсті, жастар театрлары пайда болды.
- Батыс Қазақстан: 2 театр (қазақ және орыс) сақталып қалды, репертуар байытылды.
- Шығыс Қазақстан: 1 театр тұрақты жұмыс істеді, Абай тақырыбы алдыңғы қатарға шықты.
- Оңтүстік Қазақстан облысы: 4 театр жұмыс істеді, түркілік мәдениет пен тарихи драмалар үлесі артты.

Театр дамуы өңірлік ерекшелікке сәйкес жүрді: Солтүстікте жаңару байқалды, Шығыста тұрақтылық сақталды, Батыста классикалық үлгі жалғасты, Оңтүстікте дәстүрлі мәдениеттің жоғары үлесімен ерекшеленді.

4. Әлеуметтік-мәдени ахуал

- Солтүстік Қазақстан: көпұлтты мәдени орталықтар белсенді болды.
- Батыс Қазақстан: күйшілік дәстүр мен Алаш мұрасы қайта дәріптелді.
- Шығыс Қазақстан: Семей полигонының жабылуы рухани серпіліс әкелді.
- Оңтүстік Қазақстан облысы: түркілік мәдениет пен Ясауи мұрасы алдыңғы қатарға шықты.

Әр облыстың әлеуметтік-мәдени ахуалы өзіндік ерекшеліктерімен дараланды, бірақ барлығында ұлттық құндылықтарды жаңғырту ортақ бағыт болды.

5. Ортақ үрдістер

1. Дағдарыс салдары: қаржылық қиындықтар, ауылдық мәдениеттің әлсіреуі.
2. Музейлердің көбеюі: тарихи жадыны сақтау мен жаңғыртуға бағыт.
3. Ұлттық өнердің көтерілуі: айтыс, күйшілік, ұлттық классикаға бетбұрыс.

4. Этномәдени әртүрлілік: Солтүстік пен Батыста көпұлтты орталықтар, Шығыс пен Оңтүстікте дәстүрлі музыка, қолөнер және діни-рухани жаңғыру.

Сонымен, 1990–2000 жылдары төрт географиялық өңірдің құрамына кіретін облыстардың мәдени дамуындағы ортақ сипат – экономикалық дағдарысқа қарамастан, ұлттық мәдениетті жаңғыртуға бетбұрыс жасалды.

- Солтүстік Қазақстан – көпұлтты мәдени өмірімен дараланды.
- Батыс Қазақстан – күйшілік пен Алаш мұрасын қайта көтерді.
- Шығыс Қазақстан – ғылыми-тарихи бағыт пен Абай мұрасымен ерекшеленді.
- Оңтүстік Қазақстан облысы – дәстүрлі өнер мен археологиялық мұраларды қорғауға басымдық берді.

Сонымен, 1990–2000 жылдары Қазақстан өңірлеріндегі мәдени даму үрдісі экономикалық дағдарыс жағдайында бейімделу мен ұлттық құндылықтарға бетбұрыс жасап, жаңғырту синтезін басынан өткергендігін көрсетсе керек. Өңірлер арасындағы мәдени айырмашылықтар экономикалық әлеуетке, демографиялық құрылымға және жергілікті билік органдарының мәдениетке деген көзқарасына тікелей байланысты болды. Жалпы алғанда, тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы мәдени инфрақұрылымның жаңа жағдайда бейімделу кезеңі ретінде сипатталады. Бұл кезең – мәдени институттардың жаңа мазмұндық сапаға өтуінің, ал ұлттық мәдени саясаттың идеологиялық тұрғыда түзілуінің бастауы болды. Зерттеу Қазақстанның өтпелі кезеңдегі мәдени процесінің әркелкі сипаттарын айқын көрсетті. Бұл кезеңді мәдени институттардың жаңа мазмұндық сапаға өтуінің және ұлттық мәдени саясаттың қалыптасуы-ның маңызды тарихи кезеңі ретінде бағалауға болады. Аймақтардағы мәдени даму үрдісі Қазақстанның тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында тарихи жадыны жаңғыртуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және мәдени институттарды сақтап қалуға бағытталғанын айқын көрсетті.

Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы онжылдығындағы өңірлік мәдени даму үдерісі ондағы екі қарама-қарсы үрдістің тоғысын бейнелейді: бір жағынан – институционалдық қысқару мен қаржылық тапшылық, екінші жағынан – ұлттық жаңғыру мен тарихи жадының ояну. Мәселен, кітапханалардың сол кезеңдегі ақпараттың негізгі көзі бола тұра санының кемуі мәдениет инфрақұрылымының күрделі трансформациялық кезеңді бастан өткеріп, құрылымдық әлсіреуін көрсетсе, музейлердің көбеюі – тәуелсіздік идеологиясының рухани мазмұнын айқындады және ұлттық тарихи сананы күшейтті. Бұл сонымен қатар, жалпыұлттық деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтардың көрсеткіші болып табылады. Театрлар мен өнер ұжымдарының сақталуы қоғамның рухани қажеттілігінің тұрақтылығын дәлелдейді. Осы жүйедегі байқалған салыстырмалы өсім ұлттық мәдениетті жаңғыртуға бағытталған алғашқы мемлекеттік бастамалардың тиімділігін және қоғамның рухани өмірінің тұрақтылығын көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Мәдениет туралы заңы. – Алматы: 1996.*
2. *Телебаев Г.Т., Шайкенова А.Т., Омирсаитова А.К. и др. Культура сегодня: ценности, потребность, институты. – Астана: Елорда, 2020. – 232 с.*
3. *Баймагамбетов С.З. Современная социально-культурная политика Республики Казахстан: разработка, реализация, проблемы (исторический анализ). Астана: Елорда, 2001. – 304 с.*
4. *Мультикультурное общество в Казахстане: модели, проблемы, перспективы. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2002. – 189 с*
5. *Айжан Капаева. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-х-1991 гг). – Алматы: Атамұра, 2004. – 328 с.*
6. *Г.К. Абдугалиева, Т. Габитов, З.Н. Исмагамбетова, К.А. Бияздыкова, Д.Г. Шарманбаева. Ценностные ориентации казахстанской культуры – Алматы: Қазақ университеті, 2012, – 138 с.*

7. Шалабаев Г.К. Казахстан: от древней цивилизаций к современности. Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2007. – 258 с.

8. Жумашев Р.М. Очерки истории культуры Казахстана (1917-1991 гг.). Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. - 148 с.

9. Мәдениет және өнер энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.

10. ҚР Ұлттық Архиві, 27-қор, І-тізімдеме, 284-іс, 4-5- парақтар

11. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 284-іс, 22-23- п.

12. Жаһандану және Қазақстанның заманауи мәдениеті: ұжымдық монография / Т.Ғабитов, А.Алимжанова, А.Омарбекова, Е.Осербаев, Р.Зейнуллин. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. 332 б

13. ҚРҰА. 54-қ., І-т., 81-іс, 92- п.

14. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 220-іс, 1- п.

15. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 176-іс, 2, 6- п.

16. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 225-іс, 18- п.

17. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 220-іс, 31- п.

18. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 307-іс, 20-21, 33-34 п.

19. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 331-іс, 10, 13, 23- п.

20. ҚРҰА. 54-қ., І-т., 81-іс, 81, 91, 97- п.

21. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 318-іс, 10- п.

22. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 225-іс, 50- п.

23. ҚРҰА. 54-қ., І-т., 81-іс, 86-87, 89, 91, 98- п.

24. ҚРҰА. 54-қ., І-т., 81-іс, 81, 91- п.

25. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 220-іс, 31- п.

26. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 111-іс, 36- п.

27. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 111-іс, 38- п.

28. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 225-іс, 19-20,51- п.

29. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 284-іс, 6- п.

30. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 225-іс, 18- п.

31. ҚРҰА. 54-қ., І-т., 81-іс, 81, 90-91- п.

32. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 284-іс, 8-9- п.

33. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 284-іс, 13- п.

34. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 284-іс, 20- п.

35. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері (1990–2000). [https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/] Қаралған күн: 30.09.2025 ж.

36. Тәуелсіз Қазақстан мәдениеті: жылнама құжаттары: Құжаттар жинағы. Алматы: Раритет, 2011, - 320 б.

37. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 11-іс, 6- п.

38. ҚРҰА. 54-қ., І-т., 81-іс, 96- п.

39. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 29-іс, 33-34- п.

40. ҚРҰА. 27-қ., І-т., 45-іс, 1- п, 25-26-п.

References:

1. Qazaqstan Respublikasynyñ Mädeniet turaly zañy. – Almaty: 1996.

2. Telebaev G.T., Shaikenova A.T., Omirsaitova A.K. i dr. Kultura segodnya: tsennosti, potrebnost, instituty. – Astana: Elorda, 2020. – 232 s.

3. Baimagambetov S.Z. Sovremennaya sotsialno-kulturnaya politika Respubliki Kazakhstan: razrabotka, realizatsiya, problemy (istoricheskiy analiz). Astana: Elorda, 2001. – 304 s.

4. Multikulturnoe obshchestvo v Kazakhstane: modeli, problemy, perspektivy. – Almaty: Institut filosofii i politologii MON RK, 2002. – 189 s.

5. Aizhan Kapaeva. Kultura i politika (Gosudarstvennaya politika v oblasti kultury v Kazakhstane vo vtoroy polovine 1940-h-1991 gg). – Almaty: Atamura, 2004. – 328 s.

6. G.K. Abdugalieva, T. Gabitov, Z.N. Ismagambetova, K.A. Biyazdykova, D.G. Sharmanbaeva. Tsennostnye orientatsii kazakhstanskoy kultury – Almaty: Qazaq universiteti, 2012. – 138 s.

7. Shalabaev G.K. Kazakhstan: ot drevney tsivilizatsiy k sovremennosti. Uchebnoe posobie. – Almaty: Ekonomika, 2007. – 258 s.

8. Zhumashev R.M. Ocherki istorii kultury Kazakhstana (1917-1991 gg.). Karaganda: Izd-vo KarGU, 2002. – 148 s.

9. Mädeniet jäne öner entsiklopediyasy. – Almaty: Qazaq entsiklopediyasy, 2005.

10. QR Ulttyq Arhivi, 27-qor, I-tizimdeme, 284-is, 4-5 paraqtar.

11. QRUA. 27-q., I-t., 284-is, 22-23-p.

12. Jahandanu jäne Qazaqstannyñ zamanaui mädenieti: ujymdyq monografiya / T. Gabitov, A. Alimzhanova, A. Omarbekova, E. Oserbaev, R. Zeynullin. – Almaty: Qazaq universiteti, 2019. – 332 b.

13. QRUA. 54-q., I-t., 81-is, 92-p.

14. QRUA. 27-q., I-t., 220-is, 1-p.

15. QRUA. 27-q., I-t., 176-is, 2, 6-p.

16. QRUA. 27-q., I-t., 225-is, 18-p.

17. QRUA. 27-q., I-t., 220-is, 31-p.

18. QRUA. 27-q., I-t., 307-is, 20-21, 33-34-p.

19. QRUA. 27-q., I-t., 331-is, 10, 13, 23-p.

20. QRUA. 54-q., I-t., 81-is, 81, 91, 97-p.

21. QRUA. 27-q., I-t., 318-is, 10-p.

22. QRUA. 27-q., I-t., 225-is, 50-p.

23. QRUA. 54-q., I-t., 81-is, 86-87, 89, 91, 98-p.

24. QRUA. 54-q., I-t., 81-is, 81, 91-p.

25. QRUA. 27-q., I-t., 220-is, 31-p.

26. QRUA. 27-q., I-t., 111-is, 36-p.

27. QRUA. 27-q., I-t., 111-is, 38-p.

28. QRUA. 27-q., I-t., 225-is, 19-20, 51-p.

29. QRUA. 27-q., I-t., 284-is, 6-p.

30. QRUA. 27-q., I-t., 225-is, 18-p.

31. QRUA. 54-q., I-t., 81-is, 81, 90-91-p.

32. QRUA. 27-q., I-t., 284-is, 8-9-p.

33. QRUA. 27-q., I-t., 284-is, 13-p.

34. QRUA. 27-q., I-t., 284-is, 20-p.

35. QR Strategiyalyq josparlau jäne reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosynyñ derekteri (1990–2000).

36. Täuelsiz Qazaqstan mädenieti: jylnama qujattary: Qujattar jinaǵy. – Almaty: Raritet, 2011. – 320 b.

37. QRUA. 27-q., I-t., 11-is, 6-p.

38. QRUA. 54-q., I-t., 81-is, 96-p.

39. QRUA. 27-q., I-t., 29-is, 33-34-p.

40. QRUA. 27-q., I-t., 45-is, 1-p., 25-26-p.